

БЕКІТЕМІН

«Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық – техникалық университеті»
КеАҚ Басқарма төрағасы-ректор

А.М.Наметов

« 21 » 10 2023 ж.



**ЖӨНДЕУ ШЕБЕРІНІҢ
ЛАУАЗЫМДЫҚ НҮСҚАУЛЫҒЫ
СМЖ.07.ЛН.190**

№ 00 басылым

№ _____ дана

Дайындалды: 16.10.2023ж.	Келісілді: 18.10.2023ж.	Енгізілді: 22.10.2023ж.
Гайнешов А.Н.	Тағаев О.О.	Алғашқы рет: СМЖ.07.ЛН.190
	Алмагамбетова А.Ж.	Қайта қаралуы: 22.10.2023ж.
	Ихсанов Е.Б.	
	Таскалиев Е.К.	

Мазмұны:

1. Бағыты
2. Қолдану саласы
3. Лауазымдық міндеттері
4. Жауапкершілігі мен өкілеттігі
5. Құжаттама
6. Сілтемелер

Өзгерістер				
№	Енгізілген мерзімі	Беттер нөмірі	Дайындаушы	
			ТАӘ	Қолы

1. Бағыты

Бұл нұсқаулық Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне басшылардың, мамандардың және басқа да қызметшілер лауазымдарының біліктілік анықтамалығына сәйкес дайындалды.

2. Қолдану саласы

Бұл нұсқаулық құрылыс және жөндеу жұмыстары жөніндегі шеберіне арналған.

3. Лауазымдық міндеттері

3.1. Құрылыс және жөндеу жұмыстары жөніндегі шебері міндетті:

3.1.1. Құрылыс жұмыстарының орындалуын қамтамасыз етуге, ресурстарды тиімді және орынды пайдалануға;

3.1.2. Құрылыстың болашақтағы және ағымдығы жоспарларын құруға, оларды пайдалану мен қызмет көрсетуді жақсарту шараларын іске асырады, сонымен қатар құрылыс нысанын іске қосу жоспарларының орындалуын бақылайды;

3.1.3. Топқа қатысушылардың арасындағы жұмысты бөледі, оларға өндірістік тапсырмалар береді;

3.1.4. Орындалған жұмыстардың көлемін, уақтылығын және сапасын бақылайды, міндеттердің тиісті деңгейде орындалмаған жағдайда шағым құрастыруға қатысады.

3.1.5. Өз қызмет өкілеттілігі шеңберінде сапа менеджменті бойынша құжаттарды дайындап, оның жүзеге асырылуын қамтамасыз етуге;

3.1.6. Қоршаған ортаны қорғау туралы заңның талаптарының сақталуын, техникалық бақылау жүргізуге, сонымен қатар барлық құрылыс-монтаждық және басқа да құрылыс жұмыстарының мерзімінде және сапалы орындалуын бақылау, олардың бекітілген жобалық-сметалық құжаттарға, құрылыс нормалары мен ережелеріне, стандарттарға және техникалық жағдайларға, қауіпсіздік техникасы ережелерін өндірістік санитария және өрттен қорғау ережелеріне, еңбекті ұйымдастыру талаптарына сай келуін қадағалап, қамтамасыз етуге;

3.1.7. Сыртқы және ішкі аудит қорытындылары бойынша ескерту және кемшіліктерді жою әрекеттерінің мерзімінде орындалуын қамтамасыз етуге;

3.1.8. Жаңа техника мен технологияларды енгізу жоспарларын ұйымдастыруға, ұйымдастыру-техникалық шаралар жүргізуге, ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды ұйымдастыруға;

3.1.9. Инженерлік-техникалық қызметкердің, жұмысшылардың білімі мен біліктілігін жетілдіруді ұйымдастыруға;

3.1.10. Өндіріс құралдары мен құрылыс материалдарына бөлінетін қаржының жұмсалыуын қадағалауға, құрылыс материалдарының, құралдарының сақталуы оларды консервациялау сапасын бақылау ережелерін сақтауға. Құрылыс нысандарын іске қосу барысындағы тапсыру, қабылдау, енгізу жұмыстарын жүргізуге;

3.1.11. СМЖ талаптарының орындалуын өз қызметі өкілеттілігі шеңберінде қолдап отыруға.

3.2. Бағыныштылығы:

3.2.1. Құрылыс және жөндеу жұмыстары жөніндегі шебері, Құрылыс және жөндеу жұмыстары жөніндегі инженерінің ұсынысымен басқарма төрағасы-ректордың бұйрығымен қызметке тағайындалып, қызметтен босатылады;

3.3. Құрылыс және жөндеу жұмыстары жөніндегі шебер:

3.3.1. Қазақстан Республикасының заңнамалық және нормативтік құжаттарын;

3.3.2. Құрылыс-монтаждау жұмыстардың орындаудың техникалық талаптарын және кестелері, құрылыс материалдарына, тетіктерге құрылыстарға арналған стандарттарды, техникалық талаптарды, құрылыс нормалары мен ережелерді;

3.3.3. Университеттің ішкі тәртібі туралы ережелерін және университет ішіндегі атқаруға тиіс жұмыстар туралы нормативтік құжаттарды;

3.3.4. Атқарып отырған қызметіне сәйкес лауазымдық нұсқаулықты;

3.3.5. Еңбек туралы заңның негіздерін;

3.3.6. Еңбекті қорғау ережелері мен нормаларын білуі тиіс.

3.4. Мамандық бойынша қойылатын талаптар:

3.4.1. Құрылыс және жөндеу жұмыстары жөніндегі шебері тиісті мамандығы бойынша орта техникалық және кәсіптік (орта арнайы, орта кәсіби) білімі және мамандығы бойынша лауазымдарда кемінде 6 ай жұмыс өтілі болуы тиіс;

3.4.2. Қызметіне қатысты мәселелер бойынша толық көлемде білімі болуы, ұйымдастыру қабілетіне ие болуы, жауапкершілігі жоғары, талапшыл, тез шешім қабылдай алуы, тәртіпті, адамдармен жұмыс жасай білуі керек;

3.4.3. Іс жүргізу және қызмет ету деңгейінде мемлекеттік тілді, компьютерді білу.

4. Жауапкершілігі мен өкілеттігі

4.1. Құрылыс және жөндеу жұмыстары жөніндегі шебері:

4.1.1. Қызметтік нұсқауда көрсетілген өзінің қызметтік міндетерін тиісті деңгейде орындамаған жағдайда Қазақстан Республикасының еңбек заңы негізінде жауапқа тартылады;

4.1.2. Қызмет ету барысында құқық бұзғаны үшін Қазақстан Республикасының әкімшілік, қылмыстық және азаматтық заңдары негізінде жауапқа тартылады;

4.1.3. Материалдық шығын келтірген жағдайда, Қазақстан Республикасының еңбек, қылмыстық және азаматтық заңдары негізінде жауапқа тартылады;

4.2. Құрылыс және жөндеу жұмыстары жөніндегі шебері өкілетті:

4.2.1. Түрлі ұйымдармен өз өкілеттілігі шеңберінде университет атынан қарым – қатынас жасауға;

4.2.2. Атқарып отырған қызметі шеңберінде құжаттарға қол қоюға.

4.3. Құрылыс және жөндеу жұмыстары жөніндегі шебері құқылы:

4.3.1. Кәсіптік қызметін атқару үшін қажетті еңбек жағдайларымен қамтамасыз етілуге;

4.3.2. Кәсіптік мамандық деңгейін көтеруге;

4.3.3. Ұжымдық басқару органдарына сайлануға;

4.3.4. ИТБ жұмыстарын жақсарту мақсатында университет кеңесіне ұсыныстар енгізуге;

4.3.5. Ұзақтығы 30 күнтізбелік күннен тұратын ақысы төленетін еңбек демалысын алуға;

4.3.6. Өзінің кәсіби абыройы мен қадірін қорғауға;

4.3.7. Инженерлік-техникалық бөлімі атынан қызметіндегі жетістіктері үшін материалдық және моральдық мадақтауларға ие болуға.

5. Құжаттама

6. Сілтемелер

ҚР Еңбек кодексі 23.11.2015ж. №414-у;

ҚР «Білім туралы» заңы 27.07.2007ж. №319;

ҚР «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» заңы 11шілде 1997ж №151;

ҚР «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңы 18.11. 2015ж №410-у;

ҚР СТ ИСО 9001-2009 Сапа менеджментінің жүйелері. Талаптар;

ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 30.12.2020ж №553-ө-м бұйрығы «Басшылардың, мамандардың және басқа да қызметкерлер лауазымдарының біліктілік анықтамалығы»;

«Жәңгір хан атындағы БҚАТУ» жарғысы;

СМЖ.07.ҚЕ.07. Университеттің ішкі тәртіп ережесі;

ЖОО ішіндегі нормативтік құжаттар.